



KAZAKHMYSS PLC

6TH FLOOR
CARDINAL PLACE
100 VICTORIA STREET
LONDON SW1E 5JL

Tel: +44 (0) 20 7901 7800

Company registered in England and Wales

Company Number: 5180783

2010 жылғы 28 қаңтар

ҚАЗАҚМЫС ТОБЫ ЖЫЛДЫҚ ӨНДІРІСТІК ЖОСПАРЫН АРТЫҒЫМЕН ОРЫНДАДЫ

Бүгін Қазақмыс Тобы (Қазақмыс ПЛС) 2009 жылдың төртінші тоқсаны мен 12 айы ішіндегі өндірістік нәтижелерін хабарлады.

Қазақмыс Тобының өндірістік көрсеткіштері негізгі қызметінің барлық түрлері бойынша өскендігін көрсетіп отыр. Жылдық жоспардың жоғарлауы өткізілген өндірісті оңтайландыру және бұрыннан қордаланған рудаларды өңдеудің есебінен мүмкін болды.

2009 жылдың 12 айы ішінде меншікті концентраттан катодты теңгерімдегі мыс өндірісі 320 мың тоннаны құрады. Бұл көрсеткіш жылдың басында Топтың мәлімдеген жоспарынан 20 мың тоннаға артып отыр. Мырыш концентраты мен алтын өндірісі 9 пайызға артқан, ал күміс өндірісі 2008 жылдағы көрсеткіштерге сәйкес келді.

Топтың энергетикалық бөлімшесінің өндірісі Қазақстан мен Ресейдің өнеркәсіптік тұтынушыларының тарапынан сұраныстың өсуі есебінен артып отыр. Демек, 2009 жылдың төртінші тоқсанындағы өсім 2008 жылдың сондай кезеңіндегімен салыстырғанда, 46 пайызды құрады. Қазақмыстың энергетикалық нысандарындағы негізгі және қосалқы жабдықтарында жүргізілген реконструкция мен жаңартулар бөлімшенің нәтижелеріне жағымды әсер етті.

Жыл соңында Топ «Самұрық-Қазына» ұлттық әл-ауқат қорымен өндірістік жобаларын дамытуға ұсынылған 2,7 млрд.АҚШ доллары мөршеріндегі несиелік бағдар аясында қаржыландыру пакетін алды. Алынған қаражат Қазақмыстың Қазақстан мен Қырғызстандағы жобаларын дамытуға пайдаланылатын болады.

Олег Новачук, Қазақмыс ПЛС Бас атқарушы директоры былай деп түсіндірді: «2009 жыл баршамыз үшін оңай жыл болмады, біздің болжамдарымызға қарамастан, Топ өзінің жылдық көрсеткіштерін артығымен орындады. Бұл нәтижелерге біз жүргізген өндірісті оңтайландыру және Қазақстан Үкіметінің дер кезінде дағдарысқа қарсы бағдарлама қабылдауының арқасында қол жеткіздік.

2010 жылы компания 300 мың катодты теңгерімдегі мыс өндіруді жоспарлап отыр. Екібастұз ГРЭС-1 қуаттылықтарын арттыру және Топтың өркендеу жобаларын әзірлеу жөніндегі бағдарламаларды іске асыру жалғасып отыр. Бұл Қазақмысқа қосымша мүмкіндіктер ұсынады және Қазақстанның экономикалық дамуына жағымды әсерін тигізеді».

Толық ақпарат алғыңыз келсе төмендегі байланыс телефондарына хабарласыңыз:

«Қазақмыс ПЛС»

Джон Смэлт

Корпорациялық байланыстар
бөлімінің басшысы

Тел: +44 20 7901 7882

Тел: +44 78 7964 2675

Айрин Бэртон

Қаржы талдаушысы

Тел: +44 20 7901 7814

Зүлфира

БАҚ-мен байланыс жасау

Тел: +77 27 266 3317

Мұхамедиярова

жөніндегі аға менеджер

Мерлин

Дэвид Саймонсон

Тел: +44 20 7726 8400

Том Рэнделл

Тел: +44 20 7726 8400

Леонид Финк

Тел: +44 20 7726 8400

Қазақмыс Тобы (Қазақмыс ПЛС) табиғи ресурстарды өндіру және қайта өңдеу жөніндегі жетекші халықаралық компания болып табылады және мыс, алтын, мырыш, күміс, электр энергиясын, сонымен қатар мұнай өндіру салаларында аса қомақты қатысу үлесі бар.

Қазақмыс Тобы, қатарына 15 кеніш, 10 тау-кен фабрикалары және 2 мыс балқытушы өндірістік кешендері қосылатын Қазақстандағы әлемдегі алда келе жатқан он мыс өндірушілердің бірі болып табылады. Мысты өндіру руда өндіруден бастап мыс катанкасын және катодты мыс түріндегі дайын өнім шығарумен аяқталатын толығымен интеграцияланған іс болып табылады. 2009 жылы ол меншікті рудасынан барлығын қоса алғанда 320 мың тонна катодты мыс өндірді. Бұл өндіріс ішкі қажетіне электр энергиясын жеткізумен және ауқымды теміржол инфрақұрылымымен қамтылған.

Қазақмыс Тобы басқа да металлдардың ауқымды көлемін, оның ішінде мырыш, күміс және алтын өндіреді. 2009 жылы Қазақмыс 150 мың тонна мырыш концентратын өндіріп шығарды. Қазақмыс әлемде ең ірі деген төртінші күміс өндіруші болып табылады (2009 жылы 17 млн.унция күміс өндірді).

2007 жылының шілдесінде сатылып алынған «Eurasia Gold Inc» компаниясы құрамына кіретін «Kazakhmys Gold» бөлімшесі, кен игеру және кен орындарын барлау жөнінде жаңадан ірі жобаларды жүзеге асырып отыр. 2009 жылы Топ 180 мың унция алтын өндірді, оған тиесілі есептелінген әрі болжанып отырған 2,3 млн.унция ресурстары бар.

Қазақстандағы ең ірі теңгерімді қуаттылығы 4000 МВт болатын Екібастұз көмір электр станциясы (ЕГРЭС-1) Топтың «Kazakhmys Power» бөлімшесінің иелігінде. Оған қоса, бұл бөлімше аталған электр станциясының отынға деген сұранысының шамамен 20 пайызын қамтамасыз етуші 2009 жылы осы кеніш 3,7 млн.тоннадан астам көмір өндіріп шығарған Майкөбе көмір кенішіне ие.

«Kazakhmys Petroleum» бөлімшесі 2007 жылдың сәуір айында иелігіне сатып алған Каспий маңы ойпатының шығыс шекарасында орын тепкен Шығыс Ақжар барлау блогында өзінің жұмысын жалғастырып отыр.

Соған қоса, Қазақмысқа алдын ала мыстан және мыс қорытпаларынан алынған жартылай өңделген өнімдердің алуан-түрлі ассортиментін шығаратын, мыс өнімдерін өндіру жөніндегі Германиядағы МКМ өңдеуші компания тиесілі.

Топ айналымға қабілетті FTSE-100 компаниялар тізіміне кіреді. Топтың акциялары Лондон Қор биржасында, сондай-ақ Қазақстан Қор биржасында саудаланады. 2008 жылы 2 млрд доллар құраған EBITDA көрсеткішімен Топтың өнімдерін сату көлемі 5,2 млрд доллар шамасында болды. Топта 67000 адам жұмыс істейді, яғни басым көпшілігі қазақстандық азаматтар. Қазақмыстың стратегиялық мақсаты – Орталық Азияда ауқымды табиғи ресурстарды игеру мүмкіндіктерін диверсификациялау және кеңейте түсуде белсене қатысу.